



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ****Жуманбаева Ақбота Айбекқызы***kalkabekovaa@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика  
Мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Е. Тапанова

Интернет -журналистика – ХХ ғасырдың соңында интернеттің дамуының және өркендеуінің нәтижесінде пайда болған журналистиканың жаңа түрі. Ол көпшілік аудиторияға бір мезетте ақпарат тарата алатын мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Қазақстанда интернет желісі 1996 жылы 25 маусымда Қазақстандағы Сорос аймақтық қорының «Интернет бағдарламасы» шеңберінде Алматы қаласының 15 мектептері әлеммен байланысқа шығу және компьютер қорын ұлғайту мен қатар интернет орнатумен қатар келді. Алматының он бес мектебі дүние жүзімен байланысқа шығу бақытына ие болды. Осылайша, өз бастауын алған интернет желісі біртіндеп Қазақстанның барлық қалаларында дами бастады [1].

Журналистика әлеуметтік қызметтің ерекше саласы ретінде бұқаралық ақпарат жинақтаумен, өңдеумен, дайындаумен және таратумен айқындалады. Ақпарат журналистика мен аудитория арасындағы дәнекерлік рөлді атқарады. Ақпаратқа деген қажеттілік адамзатпен бірге туып, бірге жасасып келеді. Қоғамдық дамудың әртүрлі сатысында хабар таратудың әдісі мен тәсілдері, құралы әр түрлі болды. Алаңға немесе биік мінберге шығып халықтың алдында патшаның әмірін оқыған жаршылар, жартастарға қашалып жазылған жазулар, үнгірлер қабырғасындағы суреттер мен белгілер, т.б. бәрі-бәрі ақпаратты тарату барысындағы тәсілдердің бастамасы болған.

Уақыт өте келе, қоғам өмірінде жаңа заманына сай өзгерістер пайда бола бастады. Ақпарат таратудың жаңа түрлері табылды, қалыптасты. Адамзат түрлі техникалық жетістіктер жемісін пайдалана отырып, хабар жеткізудің озық тәсілдеріне қол жеткізді. Дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне енген жаңалықтар ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ еліне де келді.

Бүгінде журналистикаға интернет өзгеше қалып, жаңаша мән әкелді. Финляндияның ірі басылымдарының бірі – «Хельсинген Саномат» газетінің шолушысы Пентти Садениеми интернет дәуіріндегі журналистің қызметіне былай деп сипаттама береді: «Жаңа технологиялар журналистің жұмысын жеңілдетте түсті. Әрқайсысында жеке компьютер бар, бұрынғысынша жүгіру, жан-жаққа телефон шалу, мекен-жайларды іздеудің қажеттігі жоқ. Әріптестерімізбен электронды пошта арқылы байланысамыз, сұрау саламыз да, арғысына көп мазасызданбаймыз. Әсіресе, шетелдегі журналистермен байланысу аса қолайлы» [2].

Интернет журналистика – өткен ғасырдың аяғына қарай, интернет аудитория қалыптасқаннан кейін шыққан ұғым. Журналистиканың бір түрі. Интернет дәстүрлі ақпарат құралдары – телеарна, радио, газеттерден аудиториясын әлдеқайда тез қалыптастырды. Мысалы, радио алғашқы 50 млн-дық аудиториясын 38 жылда, ал телеарна 13 жылда жинаған екен. Ал, интернет небәрі 4-ақ жылда осындай көрсеткішке ие болған. Интернет журналистиканың жылдам дамуын оның күрделілігімен байланыстырады. Яғни, бір мезетте дыбыс, видео, мәтін, түрлі инфографикалар, суреттер бере аласыз. Дәстүрлі ақпарат құралдарында осыларды жеке-жеке небір командалар жүріп жасайды. Ал, интернет журналистиканың тағы бір ерекшелігі ол – бір адам – бір БАҚ [3].

Интернет журналистика бағыттары – азаматтық журналистика, индивидуалды журналистика, гонзо-журналистика, блоггерлік. Интернет журналистика саласы елімізге ғаламдық үрдіспен келіп жеткен ең жас, әрі тың бағыт. Интернет журналистика пәнін оқыту жоғары оқу орындарында соңғы жылдарда қолға алына бастады.

Ал, 1998 жылы наурыз айының басында еліміздің телекоммуникациялық компанияларының басқаруымен телекоммуникация ассоциациясы деген жаңа ұйым пайда болды.

Интернет журналистиканың дәстүрлі журналистикадан ерекшелігі біріншіден, ақпаратты жылдам бере алатындығында. Телевизияда бір ақпаратты жасауға тұтас шығармашылық топ қатысады, радиода да солай, мерзімді басылым екібастан баспадан басылып шыққанша біраз уақыт өтеді. Интернет журналистиканың артықшылығы сол, оқиғаның ортасында болған адам журналистің қызметін атқара алады, яғни интернет сайттарға, олардың электронды пошталарына, редакцияларына хабарласып, ақпаратты дереу жеткізуге мүмкіндігі бар.

Батыс елдерінде қарқынды дамып келе жатқан интернет журналистика қазір саясатқа, қоғамдық өзгерістерге, адамдардың ой-санасына ықпал ете алатын күшке ие болып үлгерді. Қазақстанда да интернет қарқынды даму үстінде. Оның мысалы ретінде тұрақты жұмыс жасап жатқан Abai.kz ақпараттық порталы, «Мінбер» ([minber.kz](http://minber.kz)) Ұлттық интернет газеті, «Замандас», [Masa.kz](http://Masa.kz), [Bag.kz](http://Bag.kz) секілді сайттарды айтуға болады.

Әуелгіде ой бөлісетін, түрлі тақырыптарды талқылайтын форма ретінде қалыптасқан қазақтілді сайттар қазір ақпараттық-сараптамалық материалдар беретін пәрменді ақпарат құралына айналып келуде [4].

Қазақ тіліндегі интернет ресурстардың саны жыл сайын артып келе жатыр. Деректерге сүйеніп айтсақ, 2004 жылы сайттардың 4 пайызы ғана мемлекеттік тілде болса, 2009 жылдың соңына қарай бұл 10 пайызға өсті. Ал дәл бүгінге нақты мәлімет жоқ.

Қазір біздің ойымызда қалыптасып қалғандай, тек Астана не Алматы қалаларында ғана емес, облыстарда да қазақтілді интернет ресурстарының саны жедел өсіп келеді [5].

Қазір қазақ сайттарының басым көпшілігі ақпараттық, яғни БАҚ өкілдері сайттары. Оның ішінде газет сайттары. Негізінен сайт «жақсы сайт» болуы үшін ол бірнеше талаптарға жауап беруі керек, яғни оның навигациясы түсінікті, оқырманмен тығыз байланыс орнатқан, мұрағаты толық, кодировкасы қазақ тілінде, газет туралы ақпарат, редакция құрамы, газет тарихы, байланыс, жазылу туралы ақпарат нақты берілген, RSS немесе электронды жазылу мүмкіндігі қаралған, ақпаратты басқалармен бөлісу мүмкіндіктері бар, сыртқы келбеті, түстері, шрифтері бірқалыпты болуы тиіс. Бұл талаптарға сай келетін газет сайттары ретінде «Айқын» ([www.aikyn.kz](http://www.aikyn.kz)), «Жетісу» ([www.zhetysu-smi.kz](http://www.zhetysu-smi.kz)), «Түркістан» ([www.turkystan.kz](http://www.turkystan.kz)), «Жас қазақ» ([www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)), «Қазақстан Заман» ([www.kazakzaman.kz](http://www.kazakzaman.kz)), «Орталық Қазақстан» ([www.ortalyk-kaz.kz](http://www.ortalyk-kaz.kz)), «Ақмешіт ақшамы» ([www.agmeshit.kz](http://www.agmeshit.kz)), «Оңтүстік Қазақстан» ([www.oks.kz](http://www.oks.kz)), «Астана ақшамы» ([www.astana-akshamy.kz](http://www.astana-akshamy.kz)) секілді сайттарды айтар едім. Бұл газеттердің деңгейі жоғары болғанымен, сайттары сол деңгейге ілесе алмай отыр, яғни интернетте де оқырман аудиториясы бар екені ескерілмей келеді [6].

Интернет басылымдары аудиториясының дәстүрлі «қағаз» басылымдардың оқырмандарынан айырмашылығы бар. Онлайн газетінің аудиториясы сауаттылығымен, ауқаттылығымен ерекшеленеді. Дәстүрлі басылымдарға қарағанда, интернет басылымы таралымын дәл анықтай алады. Осындай мүмкіндік онлайн басылымның танымалдылығын ғана емес, әрбір мақала мен автор танымалдылығын да көрсетеді. Әрбір басылымның танымалдылығын оның таралымынан және оқырмандардың редакцияға жіберген хаттарынан аңғаруға болады.

Интернет журналистикада «кері байланыс» жақсы дамыған. Бүгінде мақала емес, мақалаға берілген комментарийлер қызықтырақ болып жатады. Оны «форум» деп атау қалыптасқан. Интернет пайда болғаннан кейін арасына 5 жыл салып, мақалаларға комментарийлер жазу үрдісі пайда болды. Мұндай үрдісті аймақтық басылымдар ойлап тапқан болатын. Басты мақсат – қандай да бір тәсіл арқылы басылым танымалдылығын арттыру.

Интернет басылымдағы кері байланыстың басты артықшылығы—анонимділігі. Телефон қоңыраулары мен дәстүрлі хаттарға карағанда интернет хатының авторын анықтау оңайлыққа соқпайды.

Интернет журналистиканың тағы бір ерекшелігі – әр түрлі форумдарды және меймандар кітабын пайдалана отырып, оқырмандармен жедел диалогқа шығу мүмкіндігі. Қазірде виртуалды басылымдардың көбісі осындай мүмкіндікке ие және оқырмандармен «кері байланыс» жасай алу ерекшелігі де бар.

Интернет басылымның тағы бір ерекше мүмкіндіктерінің бірі—интерактивтілігі. Интерактивтілік телеконференция, чат, ақпараттарды жіберу, форум және меймандар кітабы арқылы ұсынылады.

Әрбір мақаланың соңында басқа ресурстарға сілтемелер, веб-мекенжайлар, видео және аудиоқосымшалар беріледі. Бұл интернет басылымдарды қолданушыларға қажетті материалдарды жеңіл табуға мүмкіндік жасайды.

Журналистика дамуындағы тенденциялар туралы айта отырып, америкалық сарапшы Элизабет Бердтің пікірін мысал етсек: «Журналист аудитория көңілін тауып, олардың назарын ұзақ уақытқа ұстап қалу үшін аянбай еңбек етуі керек. Төңкерілген пирамида принципі оқырманға мақаланы әрі қарай оқу керек пе деген сұраққа тез жауап табуға көмектеседі...»

Веб мәтінді жазуда ақпараттарды берудің көпшілік мақұлдаған формасы, яғни, «төңкерілген пирамида» принципін қолдану керек. Бұл- ақпаратты жеткізуде жалпыдан жалқыға көшу деген сөз. Ақпарат әуелде жалпылама түрде айтылып, кейіннен нақтылана түсуі қажет.

Қазақ журналистика саласында жаңа медиа технология дәуірі басталды, яғни, қазақтілді ақпарат тәжірибесіне дәстүрлі журналистикадан бірқатар ерекшелігі бар интернет журналистика енді.

Технология қанша дамыса да журналисттің ақпаратты бұқараға түсінікті етіп жеткізу функциясы өзгермейді. Интернет журналист, мобильді журналист дегендер қызмет ету құралына қатысты айтылған шартты атау. Интернетке келер болсақ, өлең – сөздің патшасы болса, контент – Интернеттің патшасы! IT мамандар қаңқасын жасап береді, ал журналистер соның ішін толтыру керек. Журналистер қаңқаны түсінбеген соң (басқа да толып жатқан себептері бар), IT-шілер қазір журналистердің де рөлін орындап жүр. Интернет журналистиканы – 40 % технология, 60 % контент деп ұғамын.

Ақпараттық интернет-басылымдар – ғаламторға жаңалықтар орналастыратын веб-сайт. Олар жалпы аудиторияға немесе белгілі бір мемлекеттің, қаланың тұрғындарына арналады. Кейбір сайттар толық мемлекеттік немесе жартылай мемлекеттік меншігінде болуы мүмкін. Олардың негізі ретінде мемлекеттік ақпараттық-сараптамалық агенттіктер бола алады. Көптеген ақпараттық сайттар жаңалықтар лентасын пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпараттық сайттарды жаңалықтар бойынша бірнеше топтарға бөлуге болады: өздігімен жаңалықтарын, яғни жаңалықтарды автоматты түрде толықтырып отыратын арнайы бағдарлама арқылы және сайт иесі өзі жаңартып, ақпараттарды сұрыптап отыратын сайттар. Географиялық белгілері бойынша сайттар мемлекеттік және аймақтық болып бөлінеді [7].

Шындығында да, Интернеттің журналист кәсібилігіне тигізетін ықпалы мен әсері бар ма? Сапалы журналистика үшін ол пайдалы ма, классикалық журналистиканың мазмұнын байытуда маңызды ма? Мұны қазір тап басып айту оңайға соқпайды. Қазіргі уақытта Интернетте қамтылмаған сала жоқтың қасы. Оның техникалық ерекшеліктерін түпкілікті түсіну үшін пайда болу тарихы мен даму жолдарын білу өте маңызды [8].

Алғашында тек салалық қолданыста болған Интернеттің кейін қандай ғаламдық жүйеге айналатынын тап басып болжаған ешкім болған жоқ. Алайда, американ әлеуметтанушысы Маршалл Маклюэн Marshall McLuen, 1911-1980 өзінің «Гутенберг Галактикасы» (The Gutenberg Galaxy 1962), «Медианы түсіну» (Understanding Media 1964) атты еңбектерінде бүкіл әлемді тоғыстыратын бір жүйенің дүниеге келуінің

алғышарттарын тұжырымдап кеткен болатын. Маклюэн – бүкіл өмірін технологияның көпшілік мәдениетіне, адамдар қарым-қатынасына тигізетін әсері мен ықпалын зерттеуге арнаған ғалым. 1964 жылы ол «Медианы түсіну» атты еңбегінде технологиялық дамудың нәтижесінде болашақта «жаһандақ деревниялар» дүниеге келеді деген екен. Шалғай жерлерде орналасқан адамдар тобының ешқандай кедергісіз орталықтан ақпарат алуына мүмкіндігі болады деп болжаған.

Қазіргі уақытта Интернет ешбір мемлекетаралық шекараларды мойындамайтын дербес бір әлем – «жаһандық деревнияға» айналып отыр.

Интернет түгелдей БАҚ болуы мүмкін емес. Өйткені, онда қалың бұқараға емес, шектеулі адамдар тобына ғана арналған сайттар да бар. Осыған орай, интернет ұғымына байланысты екі түрлі көзқарас қалыптасуда: біріншіден, барлық желілік кеңістікті біртұтас бұқаралық ақпарат құралдары деп қарауға болса, екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары, дүкен, кітапхана сияқты нысандармен қатар көрініс тапқан бөлек виртуалды кеңістік ретінде қарастыруға болады.

«Барлық ғаламдық компьютерлік желі жеке серверлерге бөлінбестен бүтін бір бұқаралық ақпарат құралдарын құрайды» дейтін көзқарас шындыққа жанасатын секілді. Д.Эссеринг бұл концепцияны талдай келе, оның мазмұны мен мағынасының дәлдігін айқындайды: «Шағын аудиторияға арналған жобалар, сайттар, жеке беттер бұқаралық ақпарат құралдарына жата ма? Әрине жоқ. Мұндай жағдай қазіргі медиа ережелеріне қайшы келетіні анық. Бірақ, керісінше бұлардың барлығын БАҚ деп есептейтін болсақ, онда, алып, гипер БАҚ болған жағдайда ғана, әдеттегідей, түсінікті болар еді». Автордың анықтауынша, бұл көзқарас бірнеше қайшылықтарға әкеп соғады. Мысалы, заңға сәйкестігін анықтау: «Кез-келген медиақұрылымның иесі бар. Бірақ, Интернет-ғаламдық желісі, шынымен де алып БАҚ (мега - СМИ) болса, онда мега ақпарат құралы ретінде толығымен кімнің қолында?» [9].

Қолдануға көбірек қолайлы келетін екінші көзқарас ғылыми әдебиетте және желілік тәжірибеде көрініс табууда. Бұл көзқарасқа сәйкес, Интернет БАҚ орын алған бұқаралық коммуникация құралы ғаламдық коммуникативтік кеңістік ретінде түсіндіріледі. А.И.Акопов жазғандай, «Интернеттің және барлық басқа электронды желілердің кеңістігі күмәнсіз ғаламдық масс-медианы құрайтындығы белгілі. Бірақ, бұл салыстыруды нақтыласақ, ғаламдық желі кеңістігі – өзінше бір әлем» [10].

Интернет БАҚ-қа байланысты, қосымша «Интернет-БАҚ», «желілік БАҚ», «электронды» және «электронды желілік», «онлайнды БАҚ», «е-БАҚ» (electronic-СМИ), «е-медиа» деген терминдер синоним ретінде қолданылып жүр. Үстүрт қарағанның өзінде де Интернет ресурстар екі топқа бөлінеді: біріншіден, кәсіби журналистермен жасалған және үнемі жаңартылып отыратын ресурстар (газеттер, журналдар және тағы басқалары); екіншіден, Интернетте тіптен жағартылмайтын немесе кейбір жағдайларда ғана жаңартылып отыратын анықтамалық мәліметтерден тұратын «статистикалық сайттар» деп аталатын ресурстар да көп кездеседі. Сонымен қатар, қолданушылардың өздері де жасайтын, медиа функцияларын атқаратын көптеген ресурстар да бар.

Кез-келген мерзімді жаңартылып отыратын сайттарды БАҚ ретінде қарастыруға болады. Бірақ, екінші жағын ескерсек, мыңнан аса таралыммен шығатын мерзімді басылымдар, компьютер көмегімен жасалған және сонда деректер қоймасында сақталған материалдар, мерзімді жинақтар, хабарландырулар түрінде таратылатын басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, мерзімді басылымдары үшін заңмен бекітілген ережелер қолданылады.

Онлайн журналистика – көлемі жағынан «пішіні шағын журналистиканың» түрі болып табылады. Себебі, 8-10 мыңнан астам таңбадан тұратын мәтінді оқырмандар қызыға оқи қоюы екіталай. Монитордағы мәтін шрифтерінің ұқсақтығы, сайттағы иллюстрация, суреттердің түрлі-түстілігі көзді тез шаршатады. Бұл мәтінге деген қызығушылықты төмендетеді. Сондықтан, аталмыш ерекшелік интернет мәтінінің көп сөзділікке бой ұрмай, қысқа да нұсқа болуын талап етеді. Сонымен қатар, оқырманды жалықтырып алмайтындай

айқын элементтерді пайдалану орынды болып саналады. Көлемінің шектеулілігіне байланысты веб мәтіннің материалы ақпаратқа бай болуы тиіс. Конспектiлеуге келмейтiн мәтiн – жақсы мәтiн. Ал жақсы мәтiнде басы артық сөз болмайды.

Қорытындылай келе, қазiргi уақытта интернет журналистиканың дамуы әлi де жалғасуда. Болашақта оның пiшiнi мен жұмыс iстеу форматы кеңейiп, ақпарат жеткiзу жылдамдығы мен сапасы күннен-күнге жақсаратын болады деген ойдамын.

Бұрындары көпшiлiк ақпарат алуда дәстүрлi БАҚ-қа жүгiнсе, бүгiнде бiрiншi кезекте интернет көздерiнен алады. Бұл дегенiмiз, интернет журналистиканың келешекте БАҚ саласында жетекшi орын алуы ықтимал.

### **Қолданылған әдебиеттер тiзiмi**

1. Барманкулов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы – 1997. – 7–бет.
2. Реддик Д., Кинг Э. Журналистика в стиле онлайн. – Москва. – 1999. - 57-58-бб.
3. Интернет журналистика [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org) //
4. Дәурен Қуат, Abai.kz ақпараттық порталының бас редакторы. [Электрондық ресурс]. – Кiру тәртiбi: [www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz) //
5. Шавқат Сабыров, Қазақстан Интернет компаниялары қауымдастығының төрағасы [Электрондық ресурс]. – Кiру тәртiбi: <http://www.aktobegazeti.kz/>
6. Райхан И. Практика медиа измерений. Аудит. Оценка эффективности PR. – Москва. – 2013. – 432 бет.
7. Соломонова А. Что такое интернет СМИ? – Москва. –2011. – 30-бет.
8. Горный Е. Интернет для журналистов. –Русский журнал. – 2012. – 20- қараша. 55-бет.
9. Есенгүл Кәпқызы. Интернет-журналистика: ертеңi мен бүгiнi [www.minber.kz](http://www.minber.kz)
10. Тасболат К., Оразов А. Қазақ интернетi-энтузиастардың қолында. – Айқын. – 2010. – 26 қараша.

УДК.31-316

### **БАҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ БӘСЕКЕЛЕС ПЕ ?**

**Жұматаев Еркін Байгабылович**

*[Zhumataev\\_eb@mail.ru](mailto:Zhumataev_eb@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

журналистика мамандығының магистранты

Ғылыми жетекшісі – Н.О. Омашев

Әлемдік ғалым-сарапшылардың пікірінше, қазіргі жахандық заманда журналистиканың ақпараттық функциясы негізгі маңыз атқаруда. Бұл тұжырыммен келіспеуге болмайды. Өйткені басты тұтынушы жер жахан тұрғындары үшін дүниежүзінің әр түкпірінде болып жатқан саяси, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, қоғамдық, ғылыми, мәдени, жарнамалық, спорттық, қылмыстық, ауа-райы туралы ақпараттар күнделікті қажеттілікке айналды. Әлемнің кез-келген нүктесінде болған жақсылы-жаманды жаңалық орын алған сәтте-ақ планетамыздың негізгі орталықтарына ілезде тарап үлгереді. Бұрындары газет-журнал, радио, телевизия, ақпарат агенттіктері арқылы жария болса, бүгінде ғаламтордың жедел ақпарат жеткізу мүмкіндіктері косылды. Зерттеуші Э. Тоффлердің «Компьютерлік технологиялар мен ақпараттық жүйелер жаңа заманның символдары, олар зауыт -фабрикаларды әкелген индустриалдық қоғамды алмастыратын болады» [1.с.34] деген пікірі дәл болып шықты. Бұған дейін әлемнің бір елінде болған саяси, қоғамдық төтенше оқиғаны жасырып, кең таратпауға тосқауыл жасалатын. Бұл күндері ғаламтор мұндай тосқауыл әрекеттерінің быт-шытын шығарды. Болған оқиғаны ресми ақпарат құралдары жариялағанша, әлеуметтік желілер ақпаратты да таратып, түсірілімді де көрсетіп, керек